

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма мүшесі-академиялық
мәселелер жөніндегі проректор

_____ А. Қазмағамбетов

« _____ » _____ 2024 ж.

**«М036 - Полиграфия»
білім беру бағдарламалар тобы бойынша
түсушілерге арналған шығармашылық емтиханның
БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. Жалпы ережелер

1.1 Бағдарлама "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

1.2 Типтік ережелердің 2 – қосымшасына сәйкес «М036 - Полиграфия» білім беру бағдарламалар тобы бойынша шығармашылық емтихандар келесі форматта тапсырылады:

- 1) Эссе
- 2) Ғылыми зерттеуге ұсынылған тақырыптың презентациясы

1.3 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының шешімімен емтихан өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

ҚазҰУ-дың шығармашылық емтихан қабылдау комиссиясының құрамына ҚазҰУ-дың профессорлық-оқытушылық құрамы, қазақстандық медиа саласы мен қоғамдық ұйымдар өкілдері.

1.4 Шығармашылық емтиханға өтініштерді қабылдау ҚР БжҒМ ҰОТ ақпараттық жүйесі арқылы іске асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 8 шілдеге дейін;**
- 2) күнтізбелік жылғы 1 қарашадан 18 қарашаға дейін.**

1.5 Шығармашылық емтихандар мына мекен-жайда өткізіледі: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71, журналистика факультеті:

- 1) күнтізбелік жылғы 16 шілдеден 25 шілдеге дейін;**
- 2) күнтізбелік жылғы 9 желтоқсаннан 13 желтоқсанға дейін.**

1.6 Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтиханның өту формасы, күні, уақыты және өтетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және талапкерлердің назарына құжаттарды

кабылдау басталғанша ұсынылады және университеттің ресми сайтында <https://farabi.university/> жарияланады.

1.7 Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбалармен жабдықталған аудиторияларда (мекеме ішінде) өткізіледі.

1.8 Талапкерлер шығармашылық емтихан өтетін аудиторияға жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп кіреді.

1.9 Шығармашылық емтихан басталғанға дейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

1.10 Шығармашылық емтиханының қорытындылары – бағалау ведомосімен, рұқсат беру ведомосімен, комиссияның еркін формадағы хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

1.11 Шығармашылық емтиханның нәтижесі емтихан өткен күні жарияланады.

1.12 Әр шығармашылық емтихан бойынша ең жоғарғы балл - 35. 17 балдан төмен – қанағаттанарлық емес баға.

1.13 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабылдау комиссиясы түсушіге шығармашылық емтихандарды тапсыру орнына қарамастан, ақылы негізде университетке түсу үшін ведомостан жолдама береді.

1.14 Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

1.15 Шығармашылық емтиханды өткізу кезеңінде даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен тақ саннан тұратын (төрағасын қоса алғанда) апелляциялық комиссия құрылады.

1.16 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған тұлғаның өзі береді. Өтініш шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

1.17 Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

1.18 Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (2-3-топтағы мүгедектер) электрондық цифрлық құралдарды (компьютер, ноутбук) мен прокторинг жүйесін бірінші шығармашылық емтиханда пайдалануға құқығы бар. Сонымен қатар қажет болған жағдайда қабылдау комиссия өкілінің техникалық көмегіне сүйене алады.

2. «М036 - «Полиграфия» білім беру бағдарламалар тобы бойынша шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

1-ші шығармашылық емтихан – берілген тақырыптардың біріне эссе

Емтиханға 3 сағат беріледі.

Шығармашылық емтиханның ережелерімен және тақырыбымен танысу емтихан басталардан 30 минут бұрын басталады.

Эссе түрлері (таңдау бойынша)

Мотивациялық	Абитуриенттің баспа менеджменті мен типография саласын оқып үйренуге қажетті мотивациясын түсіндіре алуы	от 1000 слов
Проблемалық	Қазіргі кезеңдегі баспа ісі мен мәтінді рәсімдеуді ұйымдастыру моделі бойынша өзекті мәселелер туралы өзіндік көзқарасын баяндау.	

Бірінші шығармашылық емтиханның үлгілі тақырыптар тізімі

1. Баспа-полиграфиялық қызметті ұйымдастыру принциптері.
2. Кітап – қазіргі әлемдегі ақпараттың ерекше түрі.
3. Қазақстандық баспагерлер, редакторлар, дизайнерлер, полиграфистер.
4. Полиграфия – қызметтің бір саласы ретінде. Жаңа технологиялар.
5. Халықаралық кітап көрмелері.
6. Баспа жарнамасындағы слогандардың креативті безендірілуі.
7. Тәуелсіз Қазақстан және баспа-полиграфия саласының трансформациясы.
8. Қаріп – типографиканың негізі.
9. Типографика – мәтін теруден бетке орналастыруға дейінгі жол.
10. Әлеуметтік желідегі графиялық дизайн тенденциялары.

Эссе бағалаудың критерийлері

Критерийлер	Дескрипторлар	Балы
Тақырыптың ашылуы; тақырыпты ашудағы ерекшелігі, пайдаланған фактілердің орнымен қолданылуы және нақтылығы	Мәселенің теориялық деңгейде ашылуы, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс пайдалана білуі	15
	Мәселені ашуда өз көзқарасын ұсынуы	
	Әртүрлі дерек көздерінен ақпарат ұсынуы	
Баяндаудың логикалық қисындылығы, аргументтер мен тұжырымдардың нақтылығы; мәтіннің композициялық құрлымының дұрыстығы; баяндаудың көркемділігі, әсерлілігі	Композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрлымдық компоненттері өзара байланыста болу керек	10
	Ішкі логиканың болуы, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге өте білуі	
	Тұжырым мен жалпы шолудың болуы	
Жазу стилінің нормасы сақталынуы керек; штамп пен шаблондарды пайдаланбау керек – 10 балл.	академиялық жазудың жоғары деңгейлі демонстрациясы көрініс табуы керек (лексика, ғылыми терминологияның болуы, грамматика, стилистика)	10
Максималды балл		35

* 17 балдан төмен – қанағаттанарлықсыз баға

Екінші шығармашылық емтихан – жоспарланған ғылыми зерттеудің презентациясы

Презентацияда жоспарланған ғылыми зерттеуді негіздеу ұсынылады, онда мақсат, міндет, нысан, зерттеудің пәні мен методологиясы, әдебиетке шолу және зерттеудің күтілетін нәтижелері көрсетілуі керек.

Презентацияны бағалау критерийлері

Критерийлер	Дескрипторлар	Балы
Мәселенің өзектілігі, эрудиция, аналитикалық ойлау қабілеті, ғылыми аппаратты игеруі, мәселеі шешудің жолын көре білуі	эрудиция, әңгімелесу барысында жауаптарының нақтылығы мен сенімділігі	15
Жұмыста зерттеу компоненттерінің болуы, реферат тақырыбы бойынша сұрақтарға негізделген жауап	креативтілік, ойын жинақтай алуы, әңгімелесу барысында терминологияны дұрыс пайлануы	10
Ауызша жауап беруде өз ойын жеткізе алуы, өз көзқарасының дұрыстығын деректермен дәлелдей алуы, өз жауабына сенімділігі	Өз көзқарасын қорғау қабілеттілігі және әртүрлі сұрақтарға жауап бере алуы	10
Максималды балл		35

* 17 балдан төмен – қанағаттанарлықсыз баға

3. Шығармашылық емтихандарды өткізу

Шығармашылық емтихандар дәстүрлі (офлайн) форматта қабылданады.

4. Дайындық үшін ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Джеймс Феличи. Типографика. Шрифт, верстка, дизайн. Изд.: ВHV. - 2021.
2. Чихольд Я. Новая типографика. Руководство для современного дизайнера. Издательство Студии Артемия Лебедева. - 2021.
3. Блинов А.О., Угрюмова Н.В. Менеджмент. Задания, тесты, кейсы. Учебное пособие. – М.: КноРус. - 2020.
4. Дашкова И. А., Ткаченко И. В., Захарченко Н. С. Менеджмент. Методы принятия управленческих решений. – М.: Юрайт. - 2020.
5. Зельдович Б. З. Менеджмент в медиаиндустрии. Учебник для СПО. – М.: Юрайт. - 2019.
6. Смыслов О.Ю. Теории и концепции современного менеджмента: учебное пособие для магистратуры. – Липецк; Воронеж: Изд-во РИТМ. - 2018.
7. Савченко Л.В., Шум О.Ю. Словарь-справочник издателя, редактора, полиграфиста, блогера и дизайнера: термины и профессионализмы: учебное пособие. – Симферополь: ФГАОУ ВО «КФУ им. В. И. Вернадского». - 2017.
8. Божко А.Н. Обработка растровых изображений в Adobe Photoshop/ Национальный Открытый Университет «ИНТУИТ». - 2016. <http://www.knigafund.ru>
9. Макетирование и верстка в Adobe InDesign/ Молочков В. П.-Национальный Открытый Университет «ИНТУИТ», 2016. - <http://www.knigafund.ru>
10. Майсурадзе Ю.Ф. и др. Энциклопедия книжного дела. – М.: Юристь. - 2004.